

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ОТАНДЫҚ МЕДИАЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ТЕЛЕВИЗИЯ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Майлыбаева Анар
mailybayeva@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану
факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Б. Тоқтағазин

Қазір БАҚ-тың араласпайтын саласы жоқ. Ол қоғамның барлық саласымен біте қайнасып жатыр. БАҚ-тың қызметі ақпарат жеткізу болғанымен, әрбір БАҚ-тың бұл процесті орындау тәсілі, формасы әртүрлі. Өздерінің бірегейлігіне сәйкес тілдік қолданыстары да өзара ерекшеленіп, бір-біріне ішінара әсер етеді. Мәселен электронды ақпарат құралдары болған оқиғаны дәл сол мезетте ұшқыр түрде ұсынса, мерзімді басылым оқиғаны жан-жақты саралай жеткізеді. Қалай болғанда да отандық медиалингвистиканы зерттеудің қоғамдағы орны айрықша. Әсіресе, негізгі ақпараттық құрылым саналатын теледидардың қоғамдық сананы өзгертуде шешуші рөл атқаратынын жасыра алмаймыз. Сол үшін де ондағы тілдік қолданыстарға зерттеу жүргізудің маңызы артпаса азайған емес.

Қалай болғанда да мерзімді баспасөздің өзі ең әуелі ғылыми-технологиялық революцияға тәуелді. Телевизия мен радионың келуімен медиалингвистиканың жаңа зерттеу объектісі ретінде ауқымы ұлғая түсті. Тиісінше медиалингвистикада зерттеу жағынан кенже қалып тұрған да жаңа медиа тілі деуге толық негіз бар. Қазақ тілінде телевизия тілін жан-жақты, ғылыми тұрғыда тереңінен қозғайтын зерттеу жұмыстары аз болғанымен, мерзімді басылым беттерінен филолог ғалымдардың отандық телевизиядағы шоу-бағдарламалардың тіліне жасаған шолуларын байқап жүрміз. Әсіресе бұл үрдіс тоқсаныншы жылдардан бері қарай қарқын ала бастады. Мұның ең басты себебі деп қарапайым халықтың тұрмыс тіршілігіне көгілдір экран мен радио қабылдағыштардың жақынырақ ене бастағанын атауға болады. Ал ең басты себебі еліміздің егемендік алып, мемлекеттік тіліміздің жоғары мәртебеге ие болуы еді. Жас мемлекеттің алдында тіл мәселесін күн тәртібінен түсірмей, оның ғылыми тұрғыдағы зерттеу объектісі ретіндегі рөлін мығымдау міндеті тұрды. Осы шақтан бастап отандық ғалымдар ана тілімізге ерекше мән беріп, ғасырлар бойғы жүріп өткен сұрлеуіне көз жүгіртіп шықты. Ал алдымызда жаңа технологиялық кезең күтіп тұрған еді.

Азаттық алған жас Қазақстанға халықтың санасын ұлттық дүниелерге, дәстүрге, ана тілімізге бұру мақсаты айқындалды. Телеарналарда қазақ тіліндегі хабарлардың легі көбейе бастады. Аса маңызды қатынас құралының қатарында телевизияның мән-маңызы артып, бұл миссия отандық БАҚ-тың ішінде ең үлкен аудиторияға ие телевизияға табысталды.

Телевизия тілінің зерттелуі алғашқы БАҚ ретінде мерзімді баспасөзбен біте қайнасып жатты. Себебі телевизияда қолданылатын өнімнің дені мерзімді басылымдарда жарияланған материалдарға негізделетін. Мұнымен қоса ол кезеңде бүгінгі баспасөз тілінің 80 пайызы да болмаған.

Отандық телеарналардағы өнім жасаушыларда әлі стиль ұғымы пайда болмаған кезең еді. Олардың қолданыс аясының тарылып немесе кеңеюінен, уақытқа икемделуінен тілдік ерекшеліктер түрлі өзгерістерге ұшырап отырды. Газет бетінде жан-жақты сараланып берілген материал телевизияда үстіртін ғана ұсынылып отырды. Десек те бұл телевизия тілінде елімізде зерттеу жұмыстары аз дегенді білдірмейді. Мерзімді басылымдарда телеарналардағы шоу-бағдарламалардың тіліне байланысты шолулар мен сараптамалар жиі кездеседі. Әр үйде бір теледидар бар кезеңде көрермендердің таным таразысын кеңейту

мақсатында тілдік қолданысты дұрыс жүйелеу тіл мамандарының алдында тұрған үлкен міндет.

Қоғамдағы тіл мәселесі де осы отандық телеарналардағы тілдік қолданыспен тікелей байланысты. Сол үшін де тіл жанашырларын телеарнадағы тіл мәселесі бей-жай қалдырмасы анық. Баспасөз бетіндегі теледидар тілі туралы жарияланған материалдардың дені тіл тазалығы аясында. Мысалы, осы мәселе төңірегінде жиі ой тербейтін М.Серғалиев «Ой мен сөздің жарасымы» сынды сериялық мақалаларында тележобаларды көзі қарақты көрерменге ұсынатын тележүргізушілердің тілін бұра сөйлейтіні, кей сөздерді орынсыз қолданатыны, қазақтың табиғатына тән кейбір сөздерді құбылтатыны туралы сынап жазады.

Академик М. С. Серғалиевтің телевизия тіліне байланысты алғашқы ғылыми тұжырымдамалары «Халық кеңесі», «Егемен Қазақстан», «Ана тілі» сияқты басылымдарда жарияланған «Көгілдір экраннан айтылар сөз немесе осы төңіректегі кейбір ойлар», «Ой мен сөздің жарасымы немесе телехабарлар тіліндегі кейбір кемшіліктер туралы», «Радио және телехабарлар тілі туралы» атты мақалаларынан бастау алады [1]. Ғалым жоғарыдағы ғылыми жұмыстарында телевизия тілі мен жалпы тіл мәдениетіне қатысты тұжырымдарын, сөздердің қолданылу заңдылықтары мен ерекшеліктері туралы баяндап, негізгі мәселелерге тоқталды.

Тіл мәдениетін ең бірінші кезекте университет қабырғасындағы студенттерге үйрету керектігіне баса назар аударатын ғалым қолданыстағы жаңа сөздердің ең бірінші кезекте бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихатталатынын ескере отырып, «сөйте тұра радио-теледидар тілінің зерттелу жайы тасада қалып бара жатыр» деп қынжылыс білдіреді. Ел ішінде қазақ тілді басылымдар мен қазақ тіліндегі телехабарлар бұл олқылықтың орнын толықтай толтыра алмайтынын айта келіп, ғалым: «телевизия, радио тілінің теориясын жасайтын уақыт жетті» деп батыл ой тастайды. Белсенді авторлардың бірі С.Шүкірұлы да осы пікірге қосыла келіп тіл тазалығы мәселесіне жиі тоқталады. Бұған оның «Біз қалай сөйлейміз?» атты мақалалар топтамасы дәлел. Ал ғалым А.Тасымов теледидардың ар жағындағы дикторлардың диалект сөздерді жиі қолданатынын қатаң сынға алса, Р.Сыздықова және Қ.Ниеталиева сынды ғалымдар тіл қолданысындағы мәдениет жайына жиі тоқталып келді [3].

Отандық зерттеушілердің бірегейі Г. А. Машинбаева телевизия тіліне тұңғыш рет ауқымды ғылыми зерттеу жүргізген ғалым. Ол өзінің зерттеу жұмысында «ақпарат», «бұқаралық коммуникация», «медиа», «масс-медиум» терминдеріне кеңінен тоқталып, телевизия тілін лингвопрагматикалық аспектіде қарастырады. Сонымен қатар, ғалым телебағдарлама тілінің жанрлық-стильдік ерекшеліктерін айта келіп, мынадай тұшымды ой түйеді: «теледидар тілі публицистикалық стильдің бір тармағы болғанымен, оның бойында көркем әдебиет стилі, ғылыми стиль, кеңсе, іс-қағаздар стилі, ауызекі сөйлеу стилі және олардың жанрлық белгілері қоса жүреді»[6]. Аталмыш зерттеу жұмысы ғылыми мәні орасан зор көлемді еңбек: телевизия тілінің теориясын жүйеге келтірген, зерттеу объектісі айқын, телевизия тіліндегі лингвистикалық бірліктерге талдау жасалған құнды жұмыс.

«Тележурналистің шешендік өнеріне байланысты толғаныстар мен ойлар» деген мақаласында шешендік өнердің тек теледидар арқылы қанат жаятынын, осы ретте сөзді орнымен дәл әрі үйлесімді қолданудың маңызын айта келіп, Т. Қаймолдинов А. Байтұрсыновтың ұстанымын қолдайды: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіркеледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге. Өйткені тілдің баюы, сөйлеу тәсілінің кенеюі оқу, көру және сезіну шарттарына саяды. Ал тележурналистикада шала-шарпы асығып, шалағай берекесіз сөз сөйлеп, ділмарсу асылы шешендік өнердің майын ішем дегендер қателеседі»[3].

Міне осындай зерттеулерден-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы тілдік қолданыс мәселесі тілші ғалымдарымыз үшін өзекті мәселеге айналып отырғанын байқауға болады. Кешегі Астана, бүгінгі Нұр-Сұлтан шаһарында 2003 жылы ұйымдастырылған ғылыми-практикалық конференцияда ғалымдар арасында есімі белгілі терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлы қазақ баспасөзіндегі терминология бағытына жіті мән бере отырып, өзінің еңбегінде отандық БАҚ-ты терминологиядағы өзекті мәселелерді көтеруге арналған ашық алаң екенін айта келе, журналистердің тіл қолданысында жіберетін өрескел қателіктері

отандық терминологияның дамуына кедергі келтіріп отырғанын баса айтқан болатын. Бұл ретте ол «Хабар» арнасындағы спорт шолушыларының, сондай-ақ Б.Омарұлының «Жеті күн» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасындағы тіл қолданысына айрықша тоқталады[5]. Осы аталған конференциядан соң 2004 жылы қазақ терминология саласын зерттеуге топтасқан ғалымдардың Алматы қаласында өткен ғылыми конференциясында да баспасөз тіліне қатысты бірқатар мәселелер қордаланды. Сол тұстағы ҚР Мәдениет вице-министрі Б.Тілеухан «Бұқаралық ақпарат құралдары және тіл мәдениеті» деп аталатын баяндамасын талқыға салады [4]. Аталған мақалада ол телеарнадағы бағдарлама жүргізушілерінің тілді дұрыс пайдаланбауының әсерінен тіл мәдениетінің дұрыс бағытқа түспей жатқанын айта келіп, бұл мәселелерді бір жолға қою үшін хабар мәтіндеріне жіті қадағалау жасайтын арнайы бөлімдер немесе арнайы құрылымдар болу керектігін айтады. Сонымен қатар Тілеуханов осы баяндамада электронды басылымдардағы тілдік қолданыста да олқылықтардың көптігін айта келе, тіл мәселесіне келгенде әр жанрға жіті зерттеу жүргізе алатын мамандардың керектігіне баса назар аударады. Ал телеарнадағы бағдарламалардың тілдік қолданысын реттеу үшін әр жанрға жеке көңіл бөлу керектігін сөз етеді[5].

Жоғарыда айтылған зерттеу жұмыстарын саралай келе елдегі медиалингвистика саласында әлі де зерттеуді қажет ететін бағыттардың барын оңай аңғаруға болады. Мәселен, мерзімді басылымдарға қарағанда телевизиядағы сөздік қолданыс тек сөз бен тіл мәдениеті аясындағы мақалалармен ғана шектеліп отыр. Енді жарыққа шығып жатқан зерттеулердің өзі қазақ тілінің қолданыс аясын ғана талқылайды. Тіл мамандарының назарын осы мәселеге бұрып, отандық медиалингвистиканың аясын кеңейтуді қолға алу тіл ғылымына жасалған үлкен жанашырлық болар еді. Сонымен қатар, жаңа медиадағы тілдік қолданыс та барынша зерттеуді қажет ететін медиалингвистика саласы ретінде жабық күйінде қалып отыр. Темірді қызған кезінде соқпау келешекте тіл ғылымында үлкен проблемаларға алып келетіні хақ. Сондықтан электронды БАҚ-қа да тіл мамандары мойын бұруы керек-ақ.

Шындығында тіл ғылымында бұқаралық ақпарат құралдарының тілін медиалингвистика деп атаса, лингвистика ұғымы түсінігімізге енбей тұрып БАҚ тілін публицистикаға жатқызатын. Бұл үрдіс қазір де өміршендігін жоғалтқан жоқ. БАҚ-ты пайдаланушылар публицистика деп тек мерзімді басылымдардағы өнімдерді айтады. Алайды бұл ұғымның аясына теле, радио тіпті электронды ақпарат көздеріндегі материалдар да сыйып кетеді. Демек публицистика ұғымы БАҚ тілі, яғни медиалингвистикамен төркіндес болып келеді. Бүгінгі таңда БАҚ-тың өрісі кеңейіп, саяси, қоғамдық пікірді қалыптастыруда атқарар рөлі ұлғайып келеді. Бұл үрдістер жаңа грамматикалық, лексикалық, терминологиялық жүйелердің түзелуіне алғы шарт болып отыр. Телевизия тіліндегі тілдік құбылыстарға, олардың уақыт өткен сайын көрерменге әсеріне, қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөліне жіті мән бермей зерттеу жұмыстарын тереңірек жүргізу мүмкін емес. Дегенмен бүгінгі таңда теледидар мен қатар электронды ақпарат құралдарының да аудиториясы ауқымды. Ал ондағы тілдік қолданыс зерттеу аясынан тыс қалып отыр. Осы ғылыми мақаланы жазу барысында осыған көз жеткіздік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Барлыбаева С.Х. Телевидение в мире и в Казахстане. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.- 166 с.
2. Момынова Б.Қ. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). Алматы, 1999
3. Сыздықова Р., Ниеталиева Қ. Радио мен теледидар тілі. Қазақ әдебиетінің ауызша түрі. ҚазССР-нің ғылыми баспасы, 1987.
4. Қазақ терминологиясы және БАҚ құралдары: Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Астана, 2003
5. Тілеуханов Б. Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері. – Астана, 2004.
6. Г.Машинбаева «БАҚ тілінің зерттелу жайы», Вестник КазНУ – 2006